**Қоңыраулар кестесін құруға және өзгертуге келесі қызметкерлердің құқықтары бар:**

- «Кесте» блогына толық қол жетімді редактор;
- әкімші.

Kundelik.kz жүйесінде «Қоңыраулар кестесін» құру үшін қажет:

- «Әкімшілік» бөліміне өту;
- «Кесте» блогында «Қоңыраулар» таңдау;




- оң жақ жоғарғы бұрышта  батырманы басу;
- «Кесте атауын» енгізу;
- келесі параметрлерді көрсету:
  - Сабақтардың белгіленуі - кестені қай сабақтан бастау керектігін көрсету үшін қолданылады.
  - Қоңыраулар кестесінің типі - кесте түрін таңдау үшін қолданылады.
- сабақтың басталу және аяқталу уақытын белгілеу - қоңырау уақытын көрсетер кезде, міндетті түрде сабақ ретінің жанына құсбелгісін қою қажет. Егерде, құс белгі қойылмаса, сабақтың басталған және аяқталған уақыты кестеде көрінбейді.
- «Сақтау» батырмасын басу.




**Ескерту:** егер сынып қоңырау кестесін өзгертсе, сынып параметрлерінде тек бір кестені көрсетуге болады. Сыныптағы қоңыраулар кестесін өзгерткен кезде, ол осы сыныптың барлық 4 тоқсанында өзгереді.

Кесте жасалғаннан кейін оны жариялау керек.

Ол үшін:

- құрылған қоңырау кестесін ашу;
- «Жариялау» батырмасын басу.

Егер қоңырау кестесі жарияланбаған болса, онда ол сынып параметрлерінде таңдау кезінде көрсетілмейді.

## Қоңырау кестесінің қандай түрлері бар

Қоңырау кестесінің бірнеше түрі бар:

- Кесте **толық апта үшін бірдей** - оқу жылы ішінде сабақтар бір уақытта басталып және аяқталатын кестенің стандартты түрі;




- **Жұмыс және демалыс күндерінде әр түрлі** және **күн сайын әр түрлі** кесте түрлері  демалыс күндерін қоса, апта бойы оқитын мектептерге арналған. Мысалы: мектеп-интернаттар.

## Қоңырау кестесін сыныпқа қалай байланыстыруға болады?

Қоңыраулар кестесін жариялағаннан кейін оны сыныпқа бекіту керек, ол үшін:

- «Әкімшілік ету» блогына өту;

- «Сыныптар тізімі» және сыныпты таңдау;
- «Өңдеу» батырмасына басу;
- ашылмалы тізімнен қажетті қоңырау кестесін таңдау;
- «Сақтау» батырмасына басу.




## Сабақ кестесінде сабақ пен қоңырау уақыты қалай көрсетіледі?

Сабақ уақыты мен қоңырауларды сыныптың сабақ кестесінен көруге болады.




## Қоңырау кестесін қалай жоюға болады?

Қоңырау кестесін жою үшін осы кестені сыныптан алып тастау керек, содан кейін:

- «Әкімшілік ету» бөлімінде, «Қоңыраулар» блогын ашу;

- тізімнен жою керек қоңыраулар кестесін таңдау;
- жоғарғы оң жақ бұрыштағы батырмасын басып, қалқымалы терезеде растау қажет.

